

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshek” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Rieu Ch. Catalogue of the Persian manuscripts in the British Museum. Vol. I. London: Gilbert and Rivington, 1879. 184-185 pp. [in English]

Savaqeb Zh. Tarikhnegarias-e Safawiyevashtakht-e manabavama'khaz (Historiography of the Safawid period and Study on the related sources). Tehran: Navide Shiraz, 1380/2001. 62-63 pp.) [in Persian]

Savory R. Studies on the history of Safawid Iran (Translated into Persian by A. Ghaffarifarid, M. Aram). Tehran: Amir-Kabir, 1382/2003. 405 p. [in Persian]

Storey Ch. Persian literature. A bio-bibliographical survey (Translated into Russian and revised, with additions and corrections by Yu. E. Bregel. Vol. II.). Moscow: Central department of Oriental Literature, 1972. 868-869 pp. [in English]

Torkoman E. Tarikh-ialamara-ye Abbasi (Abbas's world-crushing story). Edited by Afshar I. Vol. I. Tehran: Amir Kabir, Tehran. 1382/2003, 552-553 pp.; 591-593 pp.) [in Persian]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_29

БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Байдильдина Феллан Сауле Хайрулловна¹, Раджапов Анарбай Ускенбаевич¹

¹Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: s.baidildina@aes.kz (Байдильдина), a.rajabov@aes.kz (Раджапов)

Түйіндеме. XX ғасырдың басындағы Қазақ өлкесіндегі қалыптасқан саяси ахуал, қазақ ауылы мен қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігін зерделеуде сол жылдары шығып тұрған қазақ мерзімді басылымдарының орны бөлек. Соның бірі – «Бірлік туы» газеті.

Газет негізінен Түркістан аймағының Сырдария және Жетісу облыстарындағы қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен халықтың тұрмыс-қарекетінен құнды мәліметтер береді. «Бірлік туы» Түркістан аймағы тұрғындарын тұтас қазақ өлкесінің тыныс-тіршілігінен де хабардар етіп отырған.

«Бірлік туы» өзінің қысқа ғұмырына қарамастан ақпан және қазан төңкерістерінен кейінгі қазақ халқының тұрмысы, үміті мен арман-мұраты, сол жылдардың қиыншылықтары мен ауыртпалықтары туралы ақпараттарды жариялай отырып, халықтың саяси ой-өрісін кеңейтіп қалыптастыруға септігін тигізген басылымның бірі екендігі даусыз.

Кілт сөздер: «Бірлік туы», баспасөз, Түркістан өлкесі, Уақытша үкімет, кеңес өкіметі, Сырдария облысы, Жетісу облысы, әлеуметтік ахуал, ашаршылық, қазақ зиялылары.

МРНТИ 03.20.00

«БІРЛІК ТУЫ» КАК ЦЕННЫЙ ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ТУРКЕСТАНСКОГО РЕГИОНА

Байдильдина Феллан Сауле Хайрулловна¹, Раджапов Анарбай Ускенбаевич¹

¹АУЭС имени Гумарбека Даукеева. Казахстан,

*Автор-корреспондент

E-mail: s.baidildina@aes.kz (Байдильдина), a.rajabov@aes.kz (Раджапов)

Аннотация. Значительная роль в изучении повседневной жизни казахского народа, традиционного быта казахского аула, политической ситуации, сложившейся в Казахском крае в начале XX века принадлежит периодическим изданиям, выходящим на казахском языке, среди которых газета «Бірліктуы» занимает особое место.

На страницах газеты нашли отражения ценные сведения об общественно-политической ситуации и социально-экономическом положении, повседневной жизни населения Сырдарьинской и Жетысуской областей Туркестанского региона. Кроме того, газета «Бірліктуы» информировала жителей региона о наиболее важных событиях, происходивших в крае и деятельности местных органов власти.

Несмотря на свою непродолжительную издательскую деятельность, газета «Бірліктуы» является одним из тех периодических изданий, материалы которых широко освещали жизнь и быт казахского народа, трудности и тяготы тех лет, надежды и мечты, которыми он жил после Февральской и Октябрьской революций, что, несомненно, способствовало росту его самосознания и расширению политического кругозора.

Ключевые слова: «Бірлік туы», издание, Туркестан, Временное правительство, советская власть, Сырдаринская область, Жетысуская область, социальное положение, голод, казахская интеллигенция.

IRSTI 03.20.00

«BIRLIK TUY» AS AN IMPORTANT HISTORICAL SOURCE IN THE HISTORY OF THE TURKESTAN REGION

Baidildina Fellan Saule Hairullova¹*, Rajapov Anarbai Uskenbayevich¹

¹AUPET named after Gumarbek Daukeev. Kazakhstan, Almaty.

*Autor-corresponding

E-mail: Saulehair@mail.ru (Baidildina), a.rajabov@aes.kz (Rajapov)

Abstract. A significant role in the study of the everyday life of the Kazakh people, traditional life of the Kazakh village, political situation that developed in the Kazakh region at the beginning of the XXth century belongs to the periodicals published in Kazakh language, among which the newspaper “Birlik tuy”.

Valuable information about the social political and social-economic situation of the region, the daily life of the population of the Syrdarya and Zhetysu regions of the Turkestan region were reflected on the pages of the newspaper. In addition, the newspaper “Birlik tuy” constantly informed the residents of the region about the most important events that took place in the region and activities of local authorities.

Despite its short-term publishing activity, the newspaper “Birlik tuy” is one of those periodicals, whose materials widely covered the life and everyday life of the Kazakh people, difficulties and hardships of those years, hopes and dreams that they lived after the February and October revolutions, that, undoubtedly contributed to the growth of their self-consciousness and the expansion of political horizons.

Key words: «Birlik tuy», publication, Turkestan, Provisional government, Soviet power, Syrdarian region, Zhetysu region, social situation, famine, Kazakh intelligentsia.

Кіріспе. 1917 жылдың маусымы мен 1918 жылдың сәуірі аралығында шығып тұрған «Бірлік туы» газетінің бетінде жарық көрген жарияланымдар сол жылдардағы уақытша үкімет пен енді ғана билікке келген кеңес өкіметінің саясаты, халқымыздың күнделікті өмір-тіршілігі мен тұрмыс жағдайы, қоғамдық-саяси өмірі, қазақ зиялыларының қызметінен құнды мәліметтер береді. «Бірлік туының» жарияланымдары негізінен Сырдария және Жетісу облыстарының ақпараттарына негізделген. Газет беттерінде Түркістан аймағының саяси-әлеуметтік өмірінің өзекті мәселелері: жер мәселесі, жергілікті басқару, сол жылдардағы астық тапшылығы, ашаршылық қаупі, оның алдын алу шаралары, Түркістан мұсылмандарының съездері, қазақты ілім-білімге үндеу, сауат ашу, т.б. төңірегіндегі құнды материалдар жарық көріп тұрды.

«Бірлік туы» Түркістан өлкесі тұрғындарын қазақ басына түскен проблемалардан хабардар етіп қана қоймай, оларды шешу жолындағы қазақ зиялыларының жанкешті әрекеттерімен таныстырып, қатардағы азаматтардың саяси сауатын ашудағы рөлін көрсетуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, тақырыптың өзектілігі де осында.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен қазақ басылымдарының бірқатары ғылыми зерттеу нысандарына айналып жеке жинақ, ғылыми еңбектер түрінде жарияланып көпшілік

назарына ұсынылған. Біздің ойымызша, «Бірлік туының» да сол басылымдар қатарынан орын алатын реті бар.

«Бірлік туы» – Түркістан өлкесі бойынша құнды тарихи дереккөзі ретінде тақырыбымен жоспарланып отырған осы бір мақалалар топтамасының алғашқысы 1917-1918 жж. Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық мәселесіне арналады.

Материалдар мен әдістер. Мақалаға ҚР ОММ сақталған «Бірлік туы» газетінің өзі өмір сүрген 1917 жылдың маусымы мен 1918 жылдың сәуірі аралығында шығып тұрған сандарының жарияланымдары арқау болды.

Талдау әдіснамасы негізгі дереккөз ретінде осы басылым сандарының материалдарын саралап, зерделеуге негізделген.

«Бірлік туының» төрт данасы бар деп есептеледі. Ғалымдардың айтуынша, оның Санкт-Петербург, Мәскеу мен Ташкент қалаларындағы нұсқаларының тағдыры белгісіз, ал төртінші данасы ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталынған. Бұл нұсқаның да алғашқы бес нөмірі сақталмаған, газет топтамасы алтыншы нөмірден басталады.

«Бірлік туы» газетінде қазақ зиялы қауымының көрнекті өкілдері Мұстафа Шоқай, Қайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Нұрғали Құлжанов жарияланымдары жарық көрген. Олардың кейбірі өз мақалаларын «Мадияр», «А.Ж.», «Көз көрген», «Келдин», «С», т.б. бүркеме есімдерімен беріп отырған.

Олардан басқа А. Тоқтабаев (Жетісу), Т. Жанұзақов (Ш. Айтматовтың әкесі - Әулиеата), С. Сейітов, Е. Жарменов (Шымкент), Қ. Әбдалиев (Пішпек, Жетісу облысы), А. Юсупов (Ақмешіт), А. Жанталин (Қазалы), Оразбақ (Шиелі) сынды жергілікті тілшілер өлкенің түкпір-түкпіріндегі өмір-тіршілігінен хабар беріп газетте үзбей мақалалар жариялап отырды.

Басылым жарияланымдары өзгеріссіз беріліп отыр. Мәтіндердің тілдік, лексикалық, стильдік және синтаксистік құрылымына түзетулер немесе өзгерістер енгізілген жоқ.

Мақалада газет жарияланымдары сол кезеңнің тарихи оқиғалары, жалпы елдегі, Түркістан өлкесіндегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал аясында зерделенеді.

Талдау. Жалпы «Түркістан уалаяты газетінен» бастау алатын қазақ баспасөзінің мерзімді баспасөз басылымдарының қалыптасу тарихы біршама зерттелген. Алғашқы зерттеулер өткен ғасырдың 50-60 жылдары-ақ жарық көре бастады (Кенжебаев, 1950:205; Бекхожин, 1981:239; Бекхожин, 1964; Субханбердина, 1989:199).

Дегенмен «...халықтың көзі, құлағы һәм тілі...» болған қазақ мерзімді баспасөзінің тарихы, оның құнды тарихи дереккөзі ретіндегі рөлі мен маңызын айқындау тәуелсіздік жылдары ғана мүмкін болды. 1990-жылдардың ортасына таман У. Субханбердина, Қ. Атабаевтардың алғашқы зерттеулері жарық көрсе (Субханбердина, 1995; Атабаев, 1998:192), 2000-жылдары мәселе Қ. Атабаев, З.Ш. Бимақанова, С.Ө. Смағұловтардың ғылыми диссертация тақырыптары ретінде алынып (Атабаев, 2000:49; Бимақанова, 2010:32.; Смағұлова, 2010:48), артынша ғылыми мақала, жинақ және монографиялармен (Атабаев, 2000:358; Смағұлова, 2011:432) толығы түсті. 2017 жылы Батыс Қазақстан облыстық газеттерінің шыға бастағанына 100 жыл толуы қарсаңында 2013-2016 жылдардың өзінде бірнеше еңбектер мен жинақтар жарық көрді («Ұран» газеті, 1917-1918. 2014:400; «Хабар-Известия» 1918, «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» 1919, 2015:680; Сафуллин, «Дұрыстың жолы»: газеті. 1919. 2016:298; Қос газеттің тарихы // История двух газет, 2013:436)

Мақалаға арқау болып отырған «Бірлік туы» газеті туралы арнайы ғылыми зерттеу еңбектері (жинақ, монография) болмағанымен газеттің жекелеген нөмірлерінің жарияланымдары негізінде білім алушы-магистранттардың екі-үшмақаласы жарық көрген Батырбеков, 2010. № 2.; Әбдіразақова, <https://e-history.kz/kz/contents/view/1940>).

Нәтижелері. Газет жарияланымдарына шолу оның көтерген мәселелерінің тақырыптары мен мазмұны жағынан «Қазақ» газеті жарияланымдарымен үндесіп жатқандығын аңғартады. Соның бірі 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан революциясының жеңісі. «Қазақ» газетінің кезекті нөміріндегі «Алаш ұлына» деген үндеуінде: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Кеше ғана құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта ұстаған, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті», - деп қуана жазғаны белгілі (Бөкейханов, 1994: 234-235). Бұл жаңалықты «Бірлік туы» да назардан тыс қалдырмады. Газеттің 1917 жылдың 20-тамызындағы

алтыншы нөмірінде «Қашаннан залымдық құқықсыздықтың зарын тартып, құлдық, кемшіліктің қамытын киіп келген Россия халықтары март айынан бері бостандық шуағына шықты. Әділшілік, адамшылық халыққа қас болып хайуандық жолына бағынған ескі «патша дәуірін» құлатқаннан бері Россия халықтары тіршілік жұмыстарының һәр саласын өз қолдарына алып, өзі қожайын болып отыр.

Қашаннан халықты қой есебінде бағып, құл есебінде тұтқан ескі қалып жоғалған соң ерік тізгіні сол халықтың өзіне тиді. Енді бұрынғы қара күшке сүйеніп, оқ пен найзаға сиынған жексұрын патша, қаһарлы төрелер жоқ. Олардың мәңгіге қарасы өшті. Мұнан бұлай халық тіршілік жұмыстарын өзі атқармақ; Дін һәм дүние істерінің тізгіндері халықтың өз ыхтиярына тиіп, қашаннан аңсаған бостандық, еркіншілік күні туды деген осы...», - деп үлкен үмітпен жазды (Ташкент 20-ншы август, 1917).

Сол кезеңдегі Ресей империясындағы орыс, басқа да халықтар өкілдерінің өзгеріс, бостандық, азаттық, жарқын өмір жолындағы күресте құрбан болғандығын, көп жағдайда, оған надандықтың салдарынан ақ пен қараны ажырата алмаған халықтың өзінің себепкер болғандығын жазады. Мәселен, мұны осы мақаланың мына жолдарынан аңғаруға болады: «...осы көріп отырған өзгерісіміздің бұл қызметі басталғалы жүз шамалы жыл болды. Сонан бері орыстың һәм россиядағы өзге ілімді халықтардың жүйрік сабаздары осы қызметке көп күш жұмсап, талай қайрат көрсеткен. Халыққа өзгерістің мағынасын түсіндіріп, ескі қалыптың зиянын аңғартам деп жүріп, талайсабаздар құрбан болған, Сібірге айдалған, түрмелерде отырған. Надандық қараңғылық салдарынан халық өзінің осындай шын жан ашырларына жәрдем көрсету орнына өзі қас болмақ һәм солай болғанда...».

Жалпы «Бірлік туының» нөмірлеріне шолу Қазақ қоғамының өткір проблемалары жер-су, сауат ашу, білім беру, халықтың күнкөрісі, азық-түлік мәселесі, жергілікті басқару сияқты өткір де өзекті мәселелердің күн тәртібінен түспегендігін көрсетеді.

Мәселен, сол кезеңдегі Түркістан аймағы бойынша орын алған азық-түлік тапшылығы, ашаршылық қаупі, мәселені шешу жолындағы іс-шаралар басылымның өн-бойында тұнып тұр.

Газеттің 1917 жылдың жетінші нөміріндегі «Түркістан аймағындағы ашаршылықта» Сырдария облысындағы аштық қаупі, оның алдын алу үшін тез арада іс-шара қолдану қажеттігін ескертіп тиісті мекемелерге жазылған өтіншіс хаттар туралы ақпарат беретін материал берілген: «Сырдария облысы азық-түлік комитетінің төбе ағасы августтың 12-сінде Мәскеудегі мемлекет кеңесінің төбе ағасы атына мынадай телеграмма берілді: ...Алдымызда ашаршылықтың қара күндері елестеп тұр. Бұл халде халықтың ұзақ шыдауы мүмкін емес. Осыны өте ескермегіңізді өтінеміз. Халыққа жетерлік азық табу қамына мықтап кірісу керек... Халық астық сұрайды. Оны тауып беру керек. Әйтпесе, ашыққан халықтың бүліншілік шығарып жіберуі мүмкін. Облысқа жіберілетін азық айға бір миллион екі жүз мың пудқа шейін көбейтілсе екен...» (Түркістан аймағындағы ашаршылықта, 1917).

Ашаршылық мәселесі төңірегіндегі осы сипаттағы жеделхаттар мен мақалалар қатарында газеттің осы 1917 жылғы сандарындағы «Ташкент. 1-ші октябрь», «Жетісу қырғыздары», «Ашаршылық», «Қазалыдан», «Ақмола облысынан астық», «Шымкенттен азық-түлік», «Алаш ұранды қазаққа», «Шиеліден» бар.

Басылымның 1 қазандағы 10-шы нөмірінде жарияланған «Ташкент 1-ші октябрь» тақырыбындағы Ташкенттегі ашаршылық, оның қауіп тудыруы мүмкін жағымсыз, зиянды салдарлары туралы мақаланы зерделеп көрелік. «...Нан жоқтық, кездеме жоқтық, жол жоқтық, отын жоқтық – ылғи жоқтық үстіне жоқтықтар қабаттап, жоқтықтық тіршілігін жүдә ондырмай барады», - деп, оның артының жақсылыққа апармайтынын, аш-жалаңаш адамның «әрбірден соң тәртіп, сәртіпке қарап тұра алмайтұғыны белгілі» екендігін ескерттеді. Осындай жағдайдың Ресейдің жекелеген аудандарында орын алып та отырғандығын жазады: «жалпақ россияның ол жақ, бұл жақтарында ашыққан халықтар бүліншілік көтеріп, тәртіпсіздік шығара бастады. Ішкі россияның Тамбов, Козлов, Астрахан, Киев, Уфа һәм басқа шаһрлерінде осы жақын арада бірсапыра бүліншілік болып басылды».

Мақалада әрі қарай Ташкент оқиғасының немен аяқталғаны, Уақытша үкімет қарекеті баяндалады. «Ташкентте болған ол оқиғалардың қысқасы мынау: шаһр азық-түліктің өте тапшылығын һәм бұл туралы Хукімет мекемелерінің аса икемдеп қам қылмағандығын сылтау қылып, сентябрьдің 12-сі күні 6-7 мыңдай солдаттармен

жұмыскерлер жиналып бір митинг жасады. Онда Хүкіметке қарсы һәр түрлі әжуалы сөздер сөйленіп, ақырында төмендегі қаулыларды қабыл қылды:

1. Байлардың қолындағы астық кездеме секілді нәрселер тоқтаусыз тартып алынсын.
2. Азық-түлік һәм оған ұқсаған халыққа бірінші зәру нәрселер жұмыскерлер мен солдаттардың қолына тапсырылып, халыққа таратылсын.
3. Банктер сияқты бүкіл мемлекет үшін қажет заттар Хүкімет мүлкі болып елан қылынсын.
4. Байлардың артық жерлері егін салатын жарлыларға берілсін.
5. Байлардың ақшасына жұмыскерлер страхование қылынсын.
6. Солдат һәм жұмыскерлер советі мен профессиональный союз һәм фабрика, заводтардағы жұмыскерлер комитеттерінің рұқсатынсыз һеш бір завод фабрика жабылмасын.
7. Шаһрлердегі бар бұйымдарды сырттағы елден келетін нәрселерге айырбастау реті жөнге салынсын, яғни шаһр халықтарының сыртқы елден алатын астық сияқты заттарына қарсы оларға шаһр кездеме, шай-қант секілді нәрселерді беріп тұратын болсын;

8. Бұл айтылғандарды орындау үшін бүкіл үкімет тізгіні бұ күннен бастап солдат, жұмыскер һәм крестьяндар советіне тапсырылсын;

Ташкент шаһры мен оның маңайындағы бүкіл азық-түлік істерін қолға алып, жарлыларға бөліп беру һәм һәр түрлі бірінші керек-жарақ нәрселерден халықты тарықтырмау үшін Ташкентте уақытша өзгеріс комитеті жасалсын» (Ташкент 1-ші октябрь, 1917).

Жиылыс Ташкентте 14 адамдық уақытша өзгеріс комитетін құрумен аяқталады. Түркістан комитеті бұл туралы Уақытша үкіметке хабар беріп, ол тараптан жаңа құрылған уақытша өзгеріс комитетінің тез арада тарауын, үкіметтің бұрынғысынша «хүкімет» қойған адамдарға тапсырылуын талап етеді. Сонымен қатар «егер 24 сағат ішінде комитет хүкіметтің бұл бұйрығын мойындағанын білдірмесе, олар қолға алынып түрмеге жабылсын. Егер бұзақылар ниеті жақсылықпен көнбейтін болса, оларды жуасытуға әскер барады...», - деп сес көрсетеді.

Мақала авторы негізгі мәселенің оң шешімін таппайынша «бұлардың бергі себептері аштық, жалаңаштық, тіршілікке ризасыздық болса, арғы түп сабағы – соғыс. Бұ күнгі өңшең жоқшылықтардың бәрі сол соғыстан туып отыр. Бұлар соғыстың салдарынан пайда болған аурулар. Қандай ауру болса да, оның жазылу шарты – түп себебінің құруы, әйтпесе, қанша емдеп, қақтырып соқтырғанмен ол анық жазылмайды», - деп түйіндейді.

Аймақты жайлап келе жатқан ашаршылық қаупі туралы Пржеваль, Пішпек, Жәркент, Алматы, Қарақара уездері мысалы негізінде жазылған «Жетісу қырғыздары» мәселенің қаншалықты күрделі екендігін растай түседі.

Кезінде құнарлы жерлері орыс шаруалары мен казактар пайдасына тартып алынып, ақыр соңында ол жерлерге бару құқынан айырылған Жетісу қазағының ауыр халі былайша суреттеледі: «...Көп жерлерде тіпті көктемнен бері қарай аштан қырылулар болып жатыр. Бұл күнгі жиын көптеп һәр бірен-сараңдап аштан өлулер Пржеваль, Қарқара аудандарында болған еді; Әбден өзге жерлерде де мұндай уақиғалар басталды... Қырғыз-қазақтардың көбінде осы күні паналайтын үйлері, киетін киім-кешектері де жоқ. Сондықтан бұларға ашаршылық пен жалаңаштық қабат келіп тұр. Оларды қара шекпенділер бұрынғы орындарына жібермей қуды. Егер олар ескі қоныстарына барса биыл жақсы шыққан астықты, шөпті жиып алып, бұрынғы қыстауларын паналап күн көретін еді. Ол жерлерді азық түлік комитеттері һәм жер комитеттері арендаға (жалға) беріп қойды. Қалғанын әлі беріп жатыр...».

Қырғыз-қазақ мұсылмандарының облыстық комитеттері мен «генеральный комиссарға» мәселені шешудің бірнеше жолдарын, ең алдымен, «күшті һәм екі жақтың біреуіне тартпайтын Хүкімет» құрылуын, Жетісу облысындағы бар астықтың таусылуы себепті «Ақмола һәм Семей облыстарынан астық сатып әкелуге қам қылынуын», ол астықтың тез арада ашаршылық орын алған аудандарға таратылуын ұсынады. Мұның сыртында ашаршылықтың басты себебі – тартып алынған қазақтың құнарлы жерлерін өзіне қайтару талабын қояды: «қазақ-қырғыздың жерлерін арендаға беру осы күннен-ақ тоқтатылсын. Ал енді, бұрын арендаға беріліп қойған жерлердің аренда ақшалары ашыққан қазақ-қырғыздардың өздеріне берілсін».

«Бірлік туының» 8 қарашадағы он төртінші нөмірінде «Алаш ұранды қазаққа» атты «Мадияр» бүркеме есімімен Міржақып Дулатов мақаласы жарияланған. Ол Түркістанның Жетісу облысындағы қырғыз-қазақ босқындарының ауыр халі, аштық пен ауру салдарынан қырылғандардың санының күн сайын артып отырғандығы туралы ақпараттың «Қазақ» газетінде де бірнеше рет қозғалғандығын айта келіп, тығырықтан шығудың жолын іздестіруге шақырады. М. Дулатов жұртшыл, ағайыншыл, бауырмал қазақтың өзінің білек сыбана кіріспейінше, тығырықтан шығудың жолының жоқ екендігін жеткізуге тырысады. Оның жан-айқайын мына жолдардан көреміз (Дулатов, 1917) «Қырылғаны сексен үш мың! Бұлар не себептен қырылған?

- Аштықтан, жалаңаштықтан, аурудан қырылған.

Жоғарғы мәлімет 1-ші июльге шейін жиналған онан бері де төрт ай өтті: тағыда неше мың адам аштықтан, аурудан, жалаңаштықтан қырылмады дейсіз! Тағы да неше мың жетімдер, жесірлер, үйсіздер, күйсіздер зар еңіреп қалмады дейсіз!

Мұны көре тұра, ести тұра басы аман, малы түгел алаштың азаматы қалайша қараспайды, нағып дәті шыдайды. Жұрттан қайыр-ақысын бірлік көтермелемейтін бе?!

Ағайынның қадірі малы өлгенде де жылулап, жіліктеп көтермелейтін халық емес пе екен. Бір рулы ел жоқ болуға айналып тұрғанда, қолымыз неге жұмылып қалды, неге мұнша тас бауыр болдық!?

...Көп түкірсе, көл болғаны қайсы!

Енді қыс болып қалды, босқын қазақ-қырғыздың көбінің үй-мүліктері былтыр өртеліп, ойран болып кеткен, мал болса, жоқ. «Алты миллион алаштың берген жылуы 8 тиін. Енді ол бишаралар қалай жан сақтайды, қалай күн көрер?

Әлі де болса жұрттық қылып, ағайындық, адамшалық борыштарыңды өтемесеңдер атқа мініп, айқай салып, сорлы болған бауырларыңа тез жылу жинамасандар, тірі қалғандары енді қыс түскен соң қырылуы анық...».

Сол жылдары ашаршылық пен жоқшылық Сырдария облысы уездерін де жайлаған. Мұны газеттің осы нөміріндегі «Қазалы уезінен» анық байқаймыз. Мұнда 5 қазан күні Түркістан комитеті мен облыстық кеңеске Қазалы уезінен келіп түскен жеделхат туралы сөз болады. Жеделхатқа сүйенсек, өзі аштықтан бұратылып күнін зорға көріп отырған қазақтан әскерге тамақ үшін бір жүз мың қой алу мақсатында арнайы комиссия барған. «Даладағы қазақ халқының осы күнгі халі тіпті қиын оларды ашаршылық жұтып тұр, азық-түлік комитеті бір айға жан басына жарты-ақ қадақтан ұн береді. Ол да нағыз уақытымен тиіп тұрмайды. Оның үстіне жерде от, қолда пішен жоқтықтан қазақтың жалғыз сүйенген малы өле бастады. Енді осындай күйде тұрғанда әскерге бір жүз мың қой беруді қазақ советі мүмкін таппайды. ...Хүкімет қазаққа жеткілікті астық беруді міндетіне алса, мал беруге жұрт даяр. Егер астық бермей қазақтың эзер жан сақтап отырған малын аламын десе, онда мұның аяғы насырға шауып жұрттың қырылуында шек жоқ. Не қылса да бұл туралы тиісті бір тәртіп қылуыңызды өтінемін.», - деген жолдарды оқимыз.

Сыр өңіріне кірген ашаршылық салдарынан жергілікті халық босып, азық-түлік іздеп шұбырады. Ақмешіт уезі, Шиеліден астық іздеп шыққан халық Ақтөбе, Орынбор бағытына қарай ағылып, сол жақтан астық тасуға кіріседі. Дегенмен газеттің 12-ші санындағы «Шиеліден» мақаласын оқи отырып, мұның да аш қазақ мәселесін шешпегенін, керісінше, олардың өміріне төнген қауіпті көреміз: «...Біздің жақтан қара құрттай аңдап барған аш халықтарды көріп, ол жақтардың халқына қауіп көрген көрінеді. Өйткені жақын арада сол жерлердегі комитеттер милиция әскер шығарып, біздің жаққа астық алып, бара жатқандардың астықтарын тартып ала бастаған. Комитеттердің шығарған солдаттары бұл туралы артықша қаталдық көрсетіп, жұртқа өте зәбір беріп жатқан сияқты. Олардың алып бара жатқан астықтарын тартып алып қана қоймай, қорқытып ақшаларын да алады екен. Егер ақша бермей қарсы келгендер болса, ол бейшараларды бас салып сабап, аузы-басын қызыл-ала қан қылып жібереді дейді. Тіпті азығын арқалап вагонға келе жатқандарды поезд жүріп бара жатқанда итеріп жіберіп неше рет поездға бастырып өлтіреді. Мұндай уақиғаларды мен өз көзіммен көрмесем де көзі көрген Сейітмет кісіден естіп жазып отырмын. Онан соң мұны жалғыз бір адам айтпайды, сол жаққа барып қайтқандардың бәрі айтады» (Шиеліден, 1917).

Хат иесінің айтуынша, облыс көлеміндегі ашаршылықтың кең етек алуы ұрлық, зорлық сияқты қылмыс түрлерінің өршуіне жол ашқан. Бір сорақысы, егер бұрын

мұндай әрекет тұрғындар тарапынан қатал айыпталса, бүгінде мұның әдетке айналып, тіпті қолдаушыларының қатары көбейген. Оған себеп - ашыққандар санының арта түсуі көрінеді: «...осы күні ел арасында ұрлық та күшейіп кетті. Ұрлық-ұрлық бойынша тұрса да бір сәрі болар еді. Енді оның аяқ жағы зорлық болып кете ме деп, қорқамын. Һәм зорлықтың шет жағасы көріне де бастады. Әнеу күні біздің елдің бір-екі жігіттері тал түсте кетіп бара жатқан бір жолаушының жетегінен түйесін тартып ала жөнелді. Жолаушы жақын жердегі ауылға хабар берген соң, біз барып түйесін қайтып алып бердік. Анау жігіттерге ұрысып: «ұят емес пе, бұлардың қалай?» десек, олардың айтқан дәлелдері: «қайтейік, аштан өлейік пе?» дейді. Бұл уақиға әшейін әлдеқалай болған бір іс емес, мұның мысалдары Һәр жерде-ақ бар көрінеді.

Бұрын жаман бұзақылар ел аман, жұрт тоқшылық заманда да ұрлық қылатын еді. Бірақ оларды сүйейтін адамдар аз болушы еді. Енді бұ күнде ашыққан жұрттың ішінен оларға серік көп табылатын сияқтанды».

Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық қаупі 1918 жылы да толастамады. Оны басылымның 1918 жылғы сандарындағы жарияланымдардан байқаймыз.

Газеттің бұл сандарында да өңірдегі ашаршылық, соған сәйкес кең тараған түрлі ішек, сүзек ауруларының большевиктердің биліке келуімен толастай қоймағанын, керісінше, жағдайдың одан әрі ушыға түскендігін баяндайтын жарияланымдар жеткілікті.

Осы тұста онсыз да аштықтан бұратылып, күнін әрең көріп отырған қазаққа ауыр тиген тағы бір келеңсіздікті байқаймыз. Ол қазақ жерлерін иеленіп қана қоймай, жергілікті қазаққа менсінбей қараған «қара шекпенділердің» - қоныс аударушылардың озбырлықтары. Газеттің 1918 жылдың 19 нөмірінде жарияланған «Әулие-Ата қазақтарының жайы» тақырыбындағы мақалада (авторы – Төреқұл. Белгілі кыргыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың әкесі - авторлар) Әулиеата қазақтарының осы бір мүшкіл халі былайша суреттелген: «Әулие-Ата маңындағы қазақтардың ашаршылыққа ұшырап аштан өліп жатқаны қандай болса, қара шекпендінің өлтірген қазақтары онан артық болмаса кем емес. Қазақ байғұстар қара шекпен көрінген жерден екі раят намазын оқып, өлімге ұсына берден басқаны білмейді. Бұл жердің қара шекпенділері, қазақ ауылдарына келіп үйлерін қарап, тінтіп, үйлерінен жас ет шықса, мынау менің малымның еті, сіздер ұрлап сойдыңыздар деп, өздері қақсап аштыққа ұшырап отырған сорлыларды онан жаман сорлатады. Осылай бері жақтан аштық, бір жағынан қара шекпен зорлығы аз болған сықылды, жығылған үстіне жұдырық дегендей ұрылар көбейіп мал шаруашылығының да реті кетті. Ашылған комитеттердің қазақ үшін я аштыққа, я қара шекпен зорлығына, я тал түсте талап алып жатқан ұрлыққа қарсы еткен бір пайдасы жоқ. ...Әулие-Ата қазағының халі нашар, аяғы неге барып соғары белгісіз» (Әулие-Ата қазақтарының жайы, 1918).

Әулиеатадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға жергілікті «сарт ағайындардың» көмек қолын созуы, олардың тарапынан жасалған нақты іс-шаралар да газет бетінде жарық көрген. «Бірлік туының» келесі 20 нөміріндегі «Әулие-Ата сарттарының аш қазақтарға көмегі» мақаласында «Әулие-Атадағы сарт ағайындар көшеде сандалып аштықтан әлсіреген қазақтарға арнап тегін тамақтандыратын асхана ашуға өз араларынан 15 мың сомдай ақша жинады. Бұл аш адамдарға жәрдем жиятын бір комитетте ашылып декабрь ортасынан бері қарай қолдарынан келген көмектерін етіп келетіндігі», - айтылады (Әулие-Ата сарттарының аш қазақтарға көмегі, 1918).

Осы мақалада «сарт ағайындардың» аштыққа ұшыраған қарапайым қазақ мәселесін жергілікті қазақ-қыргыз кеңесінде қарап, тығырықтан шығудың бір жолы ретінде қазақ байларынан көмек сұрауды ұсынғандығын оқимыз. Осы ұсынысқа сәйкес, жергілікті болыстық комиссарлар 27 желтоқсан күні жергілікті байларды жинап съезд өткізеді. Съезге 200 жуық адам жиналған көрінеді. Мақала авторының «Жиналған байлар совет мүшелерін қысыр әңгімеге айналдырып қашпаған қашар аузына қаратып тараған. Аш адамдар жайын, тоқ біле ме? Байлардың өздерінің ішкені алдында, ішпегені артында... Алаш азаматтарының сарт ағайындар еткен көмекті ете алмағандықтары күндердің күні туып, бұл қиыншылық бастан өткен заманда Алаш адамдарының бетіне басылуы ықтимал», - деуіне қарағанда еш нәтижесіз аяқталған сияқты көрінеді.

«Бірлік туы» өңірдегі орын алған аштыққа қатысты жағдайды хабарлаумен ғана шектелмеген. Газет ұйымдастырушылары, басылым төңірегіне топтасқан қауым ашаршылықпен күрестің жолдарын қарастырып, нақты іс-әрекеттерді қолға алған.

Газеттің 1918 жылдың 22 нөмірінде де осыған қатысты бірнеше жарияланым бар. Соның бірі - «Алаш азаматтарына».

Мұнда Ташкенттегі қазақ жастарының «Бірлік туы» басқармасында бас қосып кеңес өткізіп, нақты келісімдерге келгендігі сөз болады. «Бірлік туы» атынан аш қазақтар үшін жәрдем комитетін құрып: «Ал алаш балалары! Өте борышынды, абайсызда өткізіп алма. Өкінерсің. Мына жаз тіршілік сені сынайын деп тұр. Сыр беріп қалма. Осы ара өз алдына ел болып я бола алмауынды білдіріп басқалар алдына беретін матханың. Бұны жақсы біл. Мұндай ел басына қайғылы қара күн туғанда бір минут уақыт қымбат.

Жәрдем берген алаш азаматтарының, жәрдемін орнына жұмсап орындауға “Бірлік туы” басқармасы әзір», - деп мүмкіндігі бар алаш азаматтарын осы игі істен шет қалмауға үндейді.

Ташкенттегі осы жәрдем комитетінің құрылуына себепкер болған адам төзбес жағдай былайша баяндалған:

«Енді бұлардың сандары Ташкентте күн санап артып көбейе бастаған соң орыстар қаланың бір шетіндегі солдаттар қамайтын казармаға қамап аз аздан тамақ беріп тұрған көрінеді. Бұл берілген тамақтар да ақшасыз босқа берілмей, белгілі қойылған такса бойынша берілгендіктен бар іске асар нәрселерін сатып осы күні қолдарында түк қалмай ішейін десе тамақ жоқ, кийін десе киім жоқ, жағайын десе отын жоқ, аштық бір жағынан, жалаңаштық бір жағынан, суық бір жағынан қос қабаттап өлгені өліп, өлмегені шулап бұ күн болмаса ертең тегіс қырылайын деп тұрған жайлары бар...

Казармадағы аштар жайын біліп қайтыңыз деп бір жолдасыммен маған тапсырды. Ертеңіне біз бардық барсақ, ер адамдарының барлығы қалаға таралып тозып кетіп, шулап, жылап суық жерде бүрісіп отырған жас балаларды, орнынан отырып тұруға жайы жоқ сөйлеген сөзінің бәрі түсініксіз, алты ай кезекте тұрған адамдардай қурап қатып қалған қатындарды, сексенге келген кемпір-шалдарды көрдік. Қай жақтан келдіңіз, қай жердікі боласыз деп сұрап едік, сөздеріне қарағанда көбі Ташкент уезінен һәм араларында Шымкент уезінен келгендері де бар көрінеді. Қанша барлығын өздері де білмейді, бірақ біздің шамамызға қарағанда жалғыз казармада жатқандары ғана бес-алты жүз үй шамалы бар көрінеді. Және де мұның үстіне күн сайын келгендерді топырлатып сиғанынша сол казармаға қамап жатыр. Қаланың ішінде тентіреп кез келген жерде сандалып жүргендердің есебі жоқ. Іштерін аралап көргенде біздің қазақ екенімізді біліп “қазақтарым, бір жапырақ нанға зар болып отырмыз, бәрінен жас балаларға қиын екен шырылдап жылағанда өзіміз бірге қосылып жылаудан басқа амалымыз жоқ, көз жасымызды көретіндер бар ма, болса осылай қырылып жоқ болып кетеміз бе?” деп еңкілдеп жылап, шыдарлық емес. Бұның үстіне көбісінің киімі жоқ тырдай жалаңаш қорм киіз, ескі алаша сықылды нәрселерге оранып бір күн болса да қашан кеудеден шығып кеткенше шыбын жандарын сақтау қамын қылып отырған жайлары бар.

Міне, Алаш, бұл жақтағы бірқатар бауырларымыздың жайлары». Осы аштарға жәрдем комитеті наурыздың 14-нен асхана ашып, 250-ден астам аш қазақтарға ас беруді қолға алады (Алаш азаматтарына, 1918).

Осы 1918 жылы Жетісу қырғыздарының халі де мәз емес еді. Мұны да газеттің осы 22 наурыз күнгі 26 нөмірінде жарияланған Қалдыбай Абдаллиннің «Жетісу қырғыздары жайы» мақаласы айғақтайды. Мақала авторының қазақ-қырғыз комитетінің тапсырмасымен Тоқбақ (Тоқмақ) қаласына сапары барысындағы көрген-білгені, өзі куә болған сұмдық жәйттар баяндалады. «Бірен-саран асханалар ашылса да барлықаштарды тамақтандып тұрған көрінбейді. Аштан өлушілер аштық себепті ісіп-кеуіп түрлі ауруларға ұшырап қырылғандарды өз көзіммен көрдім, өлгендердің 3-4 күндей көмілмей қалатындарыда болады екен. Ақырында сасып шіріп бара жатқан соңорыс болсын, қазақ болсынұшыраған бір адам барын жинап, бір шұқырға тыға тастайтын көрінеді...».

Аштыққа ұшыраған халықтың лажсыздан барған мына әрекеттері тіпті жан түршігерлік: «...Аштан өліп бара жатқандар қатын, қыз, бала-шағаларын 100 – 50 сомға сатулар осы күні бұрынғыдан да күшейді... Қатын- қыздарды сатып алғандар ұнаса өздеріне қатын етіп қалдырады. Ұнамаса бір-екі жетіден соң қайтадан біреуге сатады. Міне осылай етіп адам сату кәдімгі алып-сатар сауда есебінде кіріп бара жатқан түрі бар көрінеді...».

Жетісудегі аштарға сол жергілікті халықтың көрсетіп жатқан көмегі, дегенмен, оның мәселені шешуде қауқарсыздығы да көрініс тапқан: «Әуелі бұл Тоқбақ (Тоқмақ) қаласында казынадан 10 сом алып бір асхана ашқан екен, бұл ақша бір жетіге бармай, бітіп қалып, осы күні Пісбек оязында 25 болыс қазақ-қырғыз екі айдан беріқарай 1700-дей аштарды асырып бағып, қағып келе жатқан көрінеді. Бұларға Ахун Манкуй баласы деген бас болып азық-түлік жинап беріп, үстеріне күрке жасауға 20 мың бау қамыс беріп оны тасып әкеліп беруге, отындарын әзірлеуге 7 ат арбамен жігіттер жалдап қайтыпты. Бір уыс дүнгендер мұндай іс етіп жатқанда 45 болыс қазақ-қырғыздың істеп жатқан көзге көрінерлік істері жоқ. Бұл аштарға күрке қылуға казынадан киіз берілген екен, оларын сарттар жарты бағасына алдап сатып алып жатқан көрінеді. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді деген, міне, бір қатар Жетісу аш қырғыздарының жайлары» (Жетісу қырғыздары жайы, 1918). Мұндағы Ахун Манкуйдеп отырғаны жергілікті дүнгендер өкілі болған болуы керек.

Басылымның осы нөмірінде Сапарбековтің «Жаңақорған» жайы туралы хабары да бар. Мұнда да жағдайдың ушығып тұрғандығын аңғарамыз: «Жаңақорғанда аш қазақтарға жәрдем комитеті ашылып еді. Күн сайын даладан шұбырып келіп жатқан адамдар көбейіп тұр. Неше күннен тамақ ішпей суыққа тоңып келгендер күніне екеуден, үшеуден өліп те жатыр. Далада ішерге тамақ таба алмай, киерге киім таба алмай кез келген жерде сандалып жүргендердің есебі жоқ. Осы күні бұл ашаршылық үстіне жаман бір қызыл жел соғып мал шаруасының да берекесі кетіп тұр. Осылай халық әрі ашаршылыққа, әрі мал жұтына ұшырап не қыларын білмей, өлгені өліп, өлмегені сандалып басы ауған жаққа кетіп жатқан жайы бар. Бірең-сараң адамдар азын-аулақ тапқан тиындарына алып келе жатқан бір-екі пұтастықтарын жолда тартып алып, бұл нашар халдері үстіне құралақан қалғандар да көп...».

Тұтас Түркістан өлкесі бойынша орын алған ашаршылық, оған қосылған құрғақшылықтың зардабы салдарынан босқан қазақтың мүшкіл халін «Бірлік туының» 29 нөмірінде жарияланған Халжан Қоңыратбаевтың «Түркістан қазақтарының жайымен» қорытындылауға болады: «Төрт жылға жақын созылған кесірлі соғыстың зардабын тартқан Түркістан халқына былтырдан бері табиғат та қосымша болып, жығылғанның үстіне жұдырық болып тұр. Өткен жыл құрғақшылықтан жерге түк шықпай, Түркістан халқы астықтан қалды. Жалпы Түркістанның басына келген бұл оған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейінгі бір апат болды.

Осы күні Түркістан қазағына жалпы көз салсақ, көреміз: жұтамаған ел жоқ. Бар байлығы аяқты мал болған қазақ халқының қолындағы малынан айырылғанның үстіне астыққа ділгер болғанын қоссақ, қазақтың не халде қалғаны өз-өзінен көрініп тұр. Әулие Ата, Шымкент, Ташкент, хәм Түркістан ояздары, әлде қалай жерлері болмаса, теп-тегіс малдан қол жуғандай көрінеді. Жизақ оязындағы алты ұлыс қазақтың төменгі шетіндегі екі ауыл бай болысы болмаса, басқалары тып-типыл жұтап, іргесі ауып, тозып кетіп еді. Ана екі ауыл осы күні іргесі бүтін, тозған жоқ. Бірақ оларда жұтқа сыбағасын беріп жығылыпты.

...Қазақтың мұндай мал апаты болған үлкен жұтты көргені жалғыз бұл емес қой. Мұндайлар әрқашан-ақ болатын. Бірақ өзге жұттардың арты арзаншылық болған соң жарқырап жаз шығуымен ел арасына береке кіріп, шаруа тағы да ілініп кете беруші еді. Ол дауыс бұл дауысқа ұқсамайды дегендей, бұл жолғы жұттың желісі қымбатшылықтың салдарымен малдан өтіп, басқа келіп отыр. Осы күні әр жерлерде-ақ жарлы халық арасында өлім көбейіп, күнен күнге қорқыныш үдеп барады.

Күздің қара басынан бастап жарлы жақыбайлардың Ақтөбе жаққа шұбыруы әлі күнге дейін тоқтаған жоқ. Қайта бұл күн санап көбеймесе, азаятын көрінбейді... Енді жақын арада сол жаққа барған босқындардың арасына жаман ауру кіріп, жұрт шыбындай қырылып жатыр дейді. Бұл аурудан қырылудың қаттылығы сонша біржолата иесіз, тұяқсыз қалған үйлер көп екен...

Ақмешіт хәм Қазалы уездеріндегі жалпы ахуал осындай болғанда біздің Шиелі маңайындағы күй онанда бетер. Бұл маңайдағы жоқ-жұқалардың көрген күнін Құдай адам баласына бермесін! Күз басынан бірлі-жарымды қарасын тауысып, қыс бойы үй ішіндегі бұйымдарын сатып күн көріп келе жатқандар осы күні біржолата шоңқиып қалды. Тігулі үйлерін сатушылар екінің бірінен табылады. Енді осы күні сатарға нәрсесі қалмағандар аштан өле бастады. Хәм мұндайлардың саны күн сайын көбеймесе азаятын емес. Базарда тіленшіден адам аяқ алып жүре алмайды.

Онан соң арықтан арам өліп қалған малдардың өлімтігін жеп, бір күнде болса жан сақтап тұрғандары да жоқ емес!...

Мінекей, ел ішіндегі жарлы-жақыбайлардың көрген күні осындай...» (Түркістан қазақтарының жайы, 1918).

Қорытынды. Оқырманға ұсынылып отырған алғашқы мақаламыз «Бірлік туы» газетінің 1917-1918 жылдары Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық, өңір халқының мүшкіл халі, аштықпен күрес жолындағы іс-шаралар туралы газет жарияланымдарын зерделеуге негізделген.

«Бірлік туының» өмір сүрген 1917 жылдың маусымынан 1918 жылдың сәуір айына дейінгі жарияланымдарын зерделеу Түркістан өлкесінің Сырдария және Жетісу облыстарын шарпыған ашаршылық пен жоқшылықтың өршуіне себепкер болған объективті және субъективті факторларды, тарихи шындықты бүкпесіз анық көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың үстіміздегі жылдың қаңтар айында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті...» (Тоқаев, 05.01.2021), демекші, «Бірлік туының» жарияланымдары арқылы сол 1921-1922 жылдардағы қасірет қарсаңында, 1917-1918 жылдары Түркістан өңірінің түкпір-түкпірін шарпыған ашаршылық қаупінің деңгейін анық байқаймыз. Біздің ойымызша, мәселе әрі қарай зерттеуді қажет ететін тарихымыздағы «ақтаңдақтардың» бірі болып табылады.

(Жалғасы бар)

Әдебиеттер тізімі

Абдаллин Қалдыбай. Жетісу қырғыздары жайы // «Бірлік туы» газеті. 1918. 22 март. №26.

Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Алматы: Қазақ университеті, 2000. 358 б.

Атабаев Қ. Мерзімді басылым – XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 192 б.

Әбдіразақова А.К. «Бірлік» туы газетінің қалыптасу тарихынан. [Электронды ресурс] URL: <https://e-history.kz/kz/contents/view/1940> (31 Наурыз 2014 2084 0)

Әулие-Ата сарттарының аш қазақтарға көмегі // «Бірлік туы» газеті. 1918. № 20.

Батырбеков А.Ж. Бірлікшіл «Бірлік туы» // А. Ясауи университетінің хабаршысы. 2010. № 2. 209-213 б.

Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар), Алматы, 1964.

Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). Алматы: Мектеп, 1981. 239 б.

Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 84 б.

Дулатов Міржакып. Алаш ұранды қазаққа // Бірлік туы газеті. 1917. 8 қараша. № 14.

Жетісу қырғыздары, Ашаршылық, Қазалыдан // «Бірлік туы» газеті. 1917. 11 қазан. № 11.

Елдің жайы // Бірлік туы газеті. 1918.27 март. № 27.

Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан, Алматы: Мектеп, 1950. 205 бет.

Қоңыратбаев Халжан. Түркістан қазақтарының жайы // «Бірлік туы» газеті. 1918. 18 апрель. № 29.

Қос газеттің тарихы// История двух газет: Жоба авторы: Жантас Сафуллин. Құрастырушылар: Есенжол Қыстаубаев, Қазбек Құттымұратұлы, Владислав Ярлов, Жаннат Тоқтарова (Мерейтойлық жинақ - Юбилейный сборник), Орал, 2013. 436 б.

Сапарбеков. Жаңақорған //«Бірлік туы» газеті. 1918. 22 март. № 26.

Сафуллин Ж. «Дұрыстың жолы»: газеті. 1919 (ғылыми-танымдық жинақ) / Жантас Сафуллин. Орал, 2016. 298 б.

Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). Алматы: Елтаным баспасы, 2011. 432 б.

Смағұлов Б.А., Шотбақова Л.Қ. Қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия. 2016. № 1(81). 65-71 б.

Субханбердина У. Дала уалаятының газеті: 5 томдық / У. Субханбердина, Алматы: Ғылым, 1989. 199 б.

- Ташкент 20-ншы август // «Бірлік туы» газеті. 1917. 20 тамыз. № 6.
 Ташкент. 1-ші октябрь // «Бірлік туы» газеті. 1917. 1 қазан. № 10.
 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egegen Qazaqstan. 05.01.2021. 1-2 б.
 Төреқұл. Әулие-Ата қазақтарының жайы // «Бірлік туы» газеті. 1918. № 19.
 Түркістан аймағындағы ашаршылықта // Бірлік туы газеті. 1917. 29 тамыз. № 7.
 Ұран» газеті. 1917-1918. Жоба авторы, ұйымдастырушы Жантас Набиоллаұлы. Орал, 2014. 400 б.
 «Хабар-Известия» 1918, «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» 1919 / құраст. Қазбек Қуттымұратұлы, Орал, 2015. 680 б.
 Шиеліден // «Бірлік туы» газеті. 1917. 23 желтоқсан. № 18.
 Шымкент жайы, Әулие-Ата, Жаңақорған // «Бірлік туы» газеті. 1918. 5 апрель. № 28.

References

- Abdallin Kaldybai // «Birlik tuy» gazeti. 1918. 22 Mart. № 26.
 Atabaiev K. Merzimdi basylym – XIX gasyrdyiaigy men XX gasyrdyn basyndagy Kazakstan tarihnyn deregi retinde. Monografiya (Kazakh periodical press as a source of history of Kazakhstan in the end of the XIX and the beginning of the XX cc.) Almaty: Kazak university, 1998. 192 pp. [In Kazakh].
 Atabaiev K. Kazakh baspasozii – Kazakh tarikhynyn derekkozi (1870-1918). Gylymi monografiya (Kazakh press is the source of Kazakh history (1870-1918). Scientific monograph). Almaty: Kazakh university, 2000. 24-25pp. [In Kazakh].
 Abdirazakova A.K. "Birliktuy" gazetinin kalyptasu tarikhynan (From the history of the Kazakh news paper development). URL:https://e-history.kz/kz/contents/view/1940 (data obrashcheniya: On March 31, 2014 20840). [In Kazakh].
 Aulie-Ata sarttarynyn ash kazakhtarga komegi // «Birlik tuy»gazeti. 1918. № 20.
 Batyrbekov A.Zh. Birlikshil «Birlik tuy» // Yasawi universitetinin khabarshysy (Unifying «Byrlyk tuy». Bulletin of IKTU named A.Yasawi). 2010, № 2, pp. 209-213. [In Kazakh].
 Bekhozhin K. Kazak baspasozinin damu zholdary (1860-1930) (Kazakh periodicals' ways of development). Almaty, 1964. [In Kazakh].
 Bekhozhin K. Qazaq baspasozii tarihnynyng ocherki (1860-1958) (Essays on the history of Kazakh periodicals). Almaty: Mektep, 1981. 239 pp. [In Kazakh].
 Bokeikhanov A. Shygarmalar. Almaty: «Kazakhstan», 1994 (Essays). 384 pp. [In Kazakh].
 Zhetisu kyrgyzdary, asharshylyk, Kazalydan // «Birlik tuy»gazeti. 1918. 11 Kazan. № 11 [In Kazakh].
 Eldin zhaiy // "Birlik tuy" gazeti. 1918. 27 Mart. № 27 [In Kazakh].
 Dulatuly Mirzhakup. Aлаш ұранды қазаққа // «Birlik tuy» gazeti. 1917. 8 Karasha. № 14 [In Kazakh].
 Kenzhebaiev B. Kazakh baspasozinin tarihnynan (The history of Kazakh press). Almaty: Mektep, 1950. 205 pp. [In Kazakh].
 Konyratbayev Halzhan. Turkistan kazakhtarynyn zhaiy // «Birlik tuy»gazeti. 1918. 18 Aprel. № 29 [In Kazakh].
 Kos gazetini tarihy // Istoria dvuh gazet: (The history of two newspapers: The authors of the project): Zhantas Safullin. Developers: Esenzhol Kystaubaiev, Kazbek Kuttymuratuly, Vladislav Yarlov, Zhannat Toktarova (Anniversary collection), Oral, 2013. 436 pp. [in Kazakh and Russian].
 Saparbekov. Zhanakorgan (Zhanakorgan). "Birlik tuy" gazeti. 1918. 22 Mart. № 26.
 Safullin Zh. «Durystyn zholy»: gazeti. 1919 (gylymi-tanyndyk zhinak) (The newspaper of «The way of right») / Zhantas safullin. Oral, 2016. 298 pp. [In Kazakh].
 Svetlana Smagulova. Kazak merzimdi baspasozii: shygu tarikhy men derektik manyzy (XX g. 20-30 zhzh.) // Almaty: (Kazakh periodical press: origin and source value). Almaty: "Publisher of Eltany". 432 pp. [In Kazakh]
 Smagulov B.A., Shotbakova L.K. Kazak merzimdik baspasozinin kalyptasuy men damuynyn keibir maseleleri // Karagandy universitetinin Khabarshysy, Tarikh. Philosophia. (Some issues of the formation and development of the Kazakh periodical press) // Bulletin of the Karaganda university, 1(81) / 2016. Tarikh. Philosophia. 65-71 pp. [In Kazakh].
 Subhanberdina U. Dala Ualaitynyn gazetii: 5 tomdyk (The newspaper of «Dala ualaity») / U. Subhanberdina, Almaty: Gylym, 1989. 199 pp. [In Kazakh].

- Tashkent 20 August // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 20 Tamyz. № 6 [In Kazakh].
 Tashkent. 1 October // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 1 Kazan. № 10 [In Kazakh].
 Tokayev K.K. Tauelsizdik barinen kymbat. (Independence is the most precious thing) // Egemen Qazaqstan. 05.01.2021. S. 1-2 [In Kazakh].
 Torekyl. Aulie-Ata kazakhtarynyn zhayy // «Birlik tuy» gazetі. 1918, № 19 [In Kazakh].
 Turkistan aimagyndagy asharyshlykta // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 29 August. № 7 [In Kazakh].
 «Uran» gazetі. 1917-1918. (The newspaper of «Uran») / The project author, organizer Zhantas Nabiollauly. Oral, 2014. 400 pp. [In Kazakh].
 «Habar-Izvestia» 1918, «Kazak durystygy-Kirgizskaia pravda» 1919 («News» 1918, «Kyrgyz truth») / Developer. Kazabek Kuttymuratuly, Oral 2015. 680 pp. [In Kazakh and Russian].
 Shieliden // «Birlik tuy» gazetі. 1917. 23 Zheltoksan. № 18 [In Kazakh].
 Shymkent zhayy, Aulie-Ata, Zhanakorgan, Turkiatan // «Birlik tuy» gazetі. 1918. 5 April. № 28 [In Kazakh].

FTAMP 03.20.00.

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_40

ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Карамендина М.Ө.¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

Автор-корреспондент: E-mail: karamendina70@mail.ru

Түйіндеме. Бұл мақалада туыстас, бауырлас қазақ пен қырғыз халықтарының ортақ этникалық байланыстарына, шежірелеріне, жауға қарсы бірлескен күрестеріне т.б. қатысты зерттелген мәселелер тарихнамасы жазылған. Қырғыз-қазақ өзінің қарым-қатынас бастауын өткен ғасырлар қойнауынан алады. Олардың күні бүгінге дейін жалғасқан өзара байланысының негізі түркілік шығу тегі, ортақ тілі, ділі мен діні, әдет-ғұрыптары болып табылады. Қырғыз бен қазақ арасындағы этникалық байланыстар, тек атаулары бойынша сәйкес келетін ру-тайпалары туралы т.б. қырғыз-қазаққа ортақ тарихнамалық зерттеушілердің еңбектері аталып, ғалымдардың өзіндік пайымдары ашылады. Сонымен қатар саясатқа байланысты бұрмаланып жазылған, екі елге ортақ болған қыпшақтарға қатысты жазылған еңбектер аталады. Сондай-ақ қырғыз-қазақ этнографиясы жайында, халық ақындарының ұқсас жыраулық табиғатына қатысты, Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық күресіне қатысты зерттеулер тарихнамасына тоқталады.

Кілт сөздер: қырғыз, қазақ, тарихнама, туыстас, шежіре, көшпенділер, «Манас» эпосы, ұлт зиялылары, әдеби бастаулар, Алаш азаматтары.

МРНТИ 03.20.00.

ИСТОРИОГРАФИЯ КИРГИЗ-КАЗАХСКИХ ВЗАИМООТНОШЕНИИ

Карамендина М.О.¹

¹Институт истории и этнологии им. Ч. Валиханова. Казахстан. Алматы.

Автор-корреспондент E-mail:karamendina70@mail.ru

Аннотация. В этой статье говорится об историографии исследованных проблем, касающихся общих этнических связей, летописей, совместной борьбы против общих врагов и т.д. родственных казахских и киргизских народов. Казахско-киргизские связи берут начало из глубин прошлых столетий. В основе их связей, продолжающихся по сей день лежит общее тюркское происхождение, общность языка, вероисповедания и обычай.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Кудайбергеноулы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

Басуға 15.07.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды